



АКТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

СЕРТИФИКАТ

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ:
ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»
ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСҚАНЫ ҮШІН

БИСЕНАЛИНА ДАМЕГУЛЬ НАГИЕВНАҒА

Б Е Р І Л Д І

Директор



Д.Жаманбаева

Копия дүрме 




Ақтөбе, 2025 жыл

006893



АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



**«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК
ТӘЖІРИБЕ: ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»
ҚАШЫҚТАН ӨТКЕН ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**



Копия дүресе

А. Е. Қарабаева

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ: ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»
ҚАШЫҚТАН ӨТКЕН ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Д.У.Жаманбаева, Н.Ж.Жалғас, С.О.Жубаева, А.А.Искендірова, М.Е.Нуртазина

«Мектепке дейінгі білім берудегі әлемдік тәжірибе: жаңа трендтер және инновациялар» тақырыбындағы облыстық конференция жинағына әлемдік инновациялық әдістер, цифрлық технологияларды қолдану, тұлғалық-бағдарлы оқыту, инклюзивті білім беру және тәрбие мен оқытудың тиімділігі бағытындағы жұмыстар енгізілген. Бұл жинақ мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет ететін педагог мамандарға, әдіскерлерге және білім беру саласының ізденімпаз өкілдеріне тәжірибелік әрі әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылады.



Копия

дүрме

А.Е. Қарабаева

«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ: ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»
ҚАШЫҚТАН ӨТКЕН ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

16.	МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРІБЕЛЕР Баймуханова Раушангүл Ершегекқызы	40
17.	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС Байсеркешова Галия Амандыковна	42
18.	ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ АЛУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ Бакытова Улбосын Ермагамбетовна	44
19.	МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ Балмагамбетова Эльмира Абдыгазиевна	47
20.	«БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ» Балмаганбетова Разия Жолдасовна	49
21.	STEAM, ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ Берикбаева Алмагүль Сиркбаевна	52
22.	МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР Бисеналина Дамегүль Нагиевна	54
23.	«АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК: ТИІМДІ МОДЕЛЬДЕР МЕН ТӘСІЛДЕР» Бисенова Майя Темірбекқызы	56
24.	«МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ – БАЛА ТҮЛГАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ» Болшина Гүлзада Қонысбекқызы	58
25.	БАЛАБАҚШАДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ – САПАЛЫ БІЛІМНІҢ КЕПІЛІ Бөлекова Жансая Өмірзаққызы	60
26.	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ Бугежанова Сандуғаш	63
27.	«STEAM» ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘЖІРІБЕСІНДЕ» Габдуллаева Перуза Алимжановна	66
28.	«МИРОВОЙ ОПЫТ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ: НОВЫЕ ТРЕНДЫ И ИННОВАЦИИ» Газиева Наталья Владимировна	68
29.	«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРІБЕЛЕР: ФИНЛЯНДИЯ МЕН ЖАПОНИЯ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ» Дабысова Алима Бердыклышевна	70
30.	МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ Даримова Фаридан Сандибаевна	73



Копия дұрыс: А.В. Төрехбаева

түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген көптеген жаңа инновациялық технология түрлері, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын игеру әр тәрбиешілінің өз қызметіне қарым-қатынасын танытады. Екіншіден, білім беру жүйесін бірізділендіруді бақылап отыратын құзырлы органдардың, министрліктің, тіпті балабақша әкімшілігі тұрғысынан талантың қойылуына, сұраныстың артуына жауап беруде іске асатын шаралар.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бисеналина Дамегуль Нагисвна

Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған қажетті жағдайлар жасау. Қазіргі кезеңде әрбір педагогтің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және инновациялық технологияны меңгеру.

Келешек ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагог инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Жаңа ғасырдың білікті, білімді, ақыл-ойы дамыған азаматын даярлау – бүгінгі күн талабы. Білім беру үрдісінде қолданыс тапқан педагогикалық технологиялар жаңа сипат алды.

Мектепке дейінгі білім беруде еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Өйткені, қазіргі бала дүниетанымдық қабілеті жоғары; дарынды, өнертапқыш, ізденімпаз, талапты өз алдына мақсат қоя білуі тиіс. Осындай қасиеттерді баланың бойында қалыптастыратын тәрбиешінің бойында мынадай қасиеттер болуы тиіс: педагогикалық өзгерістерге тез төселе алатын; педагогикалық үрдісте жұмыс жасай алатын; жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; балалармен тіл табыса алатын; білімді, шебер, іскер болуы тиіс. Ал, жүйелі білім беру мен баланы жан-жақты дамытуда инновациялық технологиялардың бүгінгі таңдағы ролі өте жоғары.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технолологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені тапудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиындықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай,



Бисеналина Дамегуль Нагисвна

олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Дамыта оқыту технологиясы - баланы оқыта отырып дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаншыл сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті такта, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар және тағы басқалары жатады. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал. Өйткені, балалардың зейіні әртүрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады. Интерактивті тактаның жетістіктерінің кіші жастағы балалардың оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері үйренушінің танымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді. Ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолднудағы мақсаты- баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез-құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту технологиясы - баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Денгейлеп саралап оқыту - білім, білік дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік денгейіне қарай оқыту, балалардың әртүрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру. Балаларамен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қорыта келіп айтатын болсақ аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттеріне ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Жаңа технология үрдісінің талабы-балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, баланын жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Инновациялық оқытуға көшу өз кезегінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалануды көздейді. Инновациялық технологияның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану педагог тәрбиешінің шеберлігіне



Қолмен дұрыс А.Е. Қарабалиева

байланысты. Инновациялық технология педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі

**«АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК:
ТИІМДІ МОДЕЛЬДЕР МЕН ТӘСІЛДЕР»**



Бисенова Майя Темірбекқызы
Қобда ауданы «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің табысты болуы – педагог пен ата-ананың өзара сенімге, құрметке және бірлескен әрекетке негізделген серіктестігінде. Баланың тұлғалық дамуы мен тәрбиесі, оның әлеуметтік бейімделуі ең алдымен отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастыққа байланысты.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі басты міндет – ата-аналармен жұмысты жаңа мазмұнда ұйымдастыру, оларды балабақша өміріне тарту және баланың дамуына тең серіктес ретінде қарау. Ата-аналар – баланың алғашқы және ең маңызды тәрбиешілері. Балабақша педагогының міндеті – отбасының тәрбиелік әлеуетін ашып, оны білім беру процесінің серіктесіне айналдыру.

Серіктестік қарым-қатынас баланың үйлесімді дамуы үшін мынадай жағдайларды қамтамасыз етеді.

- балаға біртұтас педагогикалық ықпал ету.
- тәрбие мен оқытуда бір бағыттылық ұстану.
- ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтеру.
- баланың табысты әлеуметтенуіне ықпал ету.

Бүгінгі күні балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс тек жиналыстар мен хабарландырулар арқылы ғана емес, шығармашылық және серіктестікке бағытталған түрлі форматтарда жүзеге асырылуда.

Дәстүрлі тәсілдер:

Ата-аналар жиналысы (жалпы және топтық

Ашық есік күндері

Кеңес беру, жеке әңгімелесу

Көрмелер, ертеңгіліктер, мерекелер

Заманауи және тиімді тәсілдер:



Төменгідегі дәріс  *М. Темірбекқызы*